

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Мәдени сәйкестік және диаспора





Мақсаты: Стюарт Холлдың мәдени сәйкестікті білдіру тәсіліне арналған «Мәдени сәйкестік және диаспора» эссесімен танысу.

Тірек сөздер: мәдени сәйкестік, диаспора, қатысу, әсер, Африка, Кариб алабы, мәдениет, айырмашылықтар.

Америкалық ғалымдар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен танысуды жалғастырамыз. Бүгін Стюарт Холлдың «Мәдени сәйкестік пен диаспора» жайлы эссесі туралы сөз ететін боламыз.

Эссенің авторы туралы бірауыз мағлұмат бере кетейік. Стюарт Холл – мәдениеттану саласындағы белді мамандардың бірі, ғылыми ортаға Англиядағы мәдени зерттеулерге арналған «Бирмингем мектебі» атты еңбегімен танылған. Еңбекте бұқаралық ақпарат құралдарының билік құрушы экономикалық және әлеуметтік топтардың бірлігіне қолдау көрсетудегі рөлі қарастырылған.

С. Холл мәдени сәйкестік пен оны жарыққа шығару мәселесін зерттеу нысаны етіп алған. Ол мысал ретінде постколониалды зерттеулердің жаңа нысаны – Батыстың афро-карибтік «қара нәсілді» диаспорасын алып, өзінің болжамдарын дәлелдеуге тырысады.

Осы ретте, Стюарт Холл «мәдени сәйкестік» ұғымын зерттеудің екі тәсілін ұсынады. Біріншісі – мәдени сәйкестікті бір, жалпы мәдениет аясында қарастыру. Бұл дегеніміз – пайда болу және даму тарихы бір халықтардың ұқсастығы. Сонда біздің мәдени сәйкестігіміз тұрғысынан бүкіл дүниежүзі халықтарын «бір халық» деп, олардың мәдени нормалары мен тарихи тәжірибелері ортақ деген ұғымды білдіреді. С. Холл бұндай «бірліктің» карибтік «қара нәсілді» диаспораны анықтауға негіз болатынын айтады.

Мәдени сәйкестіктің мұндай тұжырымдамасы постколониалды соғыстарда маңызды рөл атқарған. Мәселен, Парафиндік саяси жоба – әлі күнге құқығы шектеулі халықтардың құқығын қорғау бойынша ірі ұйым болып саналады. Қара нәсілге қатыстылық мәселесі ХХ ғасырдың танымал африкалық зияткерлердің айталық, Леопольд Сенгор немесе танымал мартиниктік ақын Эме Сезердің еңбектерінде қарастырылды. Ғалымдар негритюд теориясын – африкалық мәдени-философия мен идеялық-саяси доктринаны зерттеумен айналысты. Бұл теорияның негізі – негроид нәсілдердің өзіндік ерекшелігі, өзіндік құндылықтары мен өзіндік рухани байлығы бар екенін дәлелдеу.

Постколониалды қоғамдағы сәйкестік ұғымы Франц Фанон еңбектерінде сөз етіледі. Ол сәйкестікті адамзат баласының «өз-өзімен және басқалармен қарым-қатынасын» ретке келтіретін құндылық деп түсіндіреді. Фанонның ойынша, колонизаторлар адамдарды қанап, олардың ұлттық құндылықтарын, мәдениетін өзгертіп, өздерінің құндылықтарын күштеп ендіріп, адамдардың өткенін бұзып, олардың құнды деп табылған рухани байлығын «құнсыз» деп бағалаумен айналысқан. Фанонның зерттеулері мына мәселелердің басын ашты: Сәйкестікті жан-жақты зерттеудің мәні неде? Бұны колонизаторлардың бодан халықтармен сабақтастығын жойып жіберуге талпынысымен байланыстыруға бола ма? Бұл сәйкестіктің дамуы туралы мәселе ме әлде оның жойылуы туралы мәселе ме?

С. Холл мәдени сәйкестік феноменін қайтадан зерттеудің маңызына немқұрайлы қарамау керектігін тілге тиек етеді. Себебі қайта зерттеу жаңа ашылуларға, ал ол жаңалықтар сәйкестік ұғымын өзгертуге әкелуі мүмкін. «Құпия тарих» біздің қазіргі заманымызда маңызды әлеуметтік, айталық, феминистік, антиколониалды және антинәсілшілдік, қозғалыстардың пайда болуына түрткі болды.

Ямайка мен растафариндік суретшілердің және Армет Франсистің суреттері сәйкестік тұжырымдамасы мен оны білдіру тәсілдерінің туындауына түрткі болды. Франсистің Қара үшбұрыш халықтары туралы Африка, Кариб теңізі, АҚШ, Ұлыбританияда жасалған суреттері қара нәсілді адамдардың бірлігін дәлелдейді. Оның шығармашылығы біріктіру әрекеті болатын. Мұндай суреттер басып алынған диаспоралардың басқыншыларға өздерін түбегейлі құртуға жалған келісім бергенін көрсетеді.

Осы суреттерге қарап отырып, «сәйкестік» қалайша жоғалып кеткен деген мәселенің түбіне жете алмайды. Мұндай суреттер біздің бұзылып кеткен өткен тарихымыздың қыр-сырын қайта қалпына келтіруге септігін тигізеді хақ.

Екінші тәсілдің негізі – адамдарды біріктіріп тұрған ұқсастықтарға қарамастан, олар-



ды бір-бірінен ажыратып, «кімнің кім екенін» танытатын айтарлықтай айырма бар екендігі туралы идея. Біз сәйкестік туралы мәселені қарастыру үшін, «өзгеру» деген құбылысты жанап өтпеуіміз керек. Мәдени сәйкестік – өткен тарихта ғана емес, болашақта да қалыптасу, тіршілік ету туралы мәселе. Мәдени сәйкестікті уақыт, кеңістік, тарих немесе мәдениет шеңберінен тыс анықтауға болмайды. Мәдени сәйкестіктің өзіндік тарихы мен түп-төркіні бар. Кез келген тарихи құбылыстар секілді, мәдени сәйкестік те бірнеше рет трансформацияланды. Ол тарих, мәдениет пен биліктің үздіксіз өрбіп отыратын «ойынына» белсенді қатысып отырады. Сәйкестікті қайта қалпына келтіру дегеніміз – өткен тарихты қайта жандандыру ғана емес, жаңа ашылулар жасау. Себебі жаңа ашылулар біздің «мәңгілік» деген феноменнің ажырамас бөлшегі екенімізді сезіндіреді. Сонда С. Холлдың айтуынша, сәйкестік ұғымы – біздің өткен тарихымызды айта отырып, қазіргі күйімізді сипаттауымыз.

Шығыс әлемін кеңірек зерттеп жүрген ғалым Эдуард Саидтың «Ориентализм» атты еңбегінде Батыстың санқилы ойлау түрлеріне анықтама берілген. Батыс адамдарды өздерін «басқаша» сезінуге, тіпті бір мәселені басқа қырынан көруге мәжбүрледі. Фуко кез келген әрекетті билік, әсіресе «билік/білім» деген сыңаржақ түсінікке негіздегенін айтады. Алайда білімнің бұл түрі – сыртқы емес, ішкі болып саналады. Белгілі бір адам немесе қоғам мүшелері өздерін өзгеден «басқа», елден ерек сезінсе, бұл мәселенің бір жағы болар еді?! Ал оларға ішкі және сыртқы билік құру арқылы «басқасың» деген білімді күштеп сіңдіру – мүлде басқа мәселе. «Қара тері, ақ бетперделер» атты кітабында Фанон колониалды тәжірибенің қайғылы ақиқатының мәнін ашып беруге тырысады.

Ішкі өзгешелік идеясын күштеп сіңдіру арқылы «мәдени сәйкестік» ұғымына айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Мәдени сәйкестік тарих пен мәдениеттен тыс, өзгермей қалған құбылыс емес. Сәйкестіктің өз тарихы бар, бұл тарихтың таңбалық және символикалық салдары да айқын. Біз өзіміздің өткенімізбен ажырамастай байланыстамыз, құдды баланың дүниеге келе салысымен, анасымен байланысы секілді. Біздің жадымызда естеліктер, орындалмаған армандар мен тарих мәңгі сақталады. Мәдени сәйкестік өзіндік қалыптасуымызға басым қадам болып саналады. Бұл жерде тіршілік етуіміз емес, өзімізді сезінуіміздің мәні зор. Демек, сәйкестік пен сезіну – әрдайым бірлікте дамып келген, бірақ, олардың тарихы біркелкі дегенді білдірмейді.

Мәдени сәйкестікті зерттеудің бұл тәсілін С. Холл үйреншікті емес, бейтаныс тәсіл деп түсінеді. Одан ары ғалым «Егер сәйкестік тік емес, үзік-үзік сызықтар бойымен дамыса, бұл үдерістің мәні мен қалыптасуын қалай түсінеміз?» деген қызықты сауалды ортаға тастайды. С. Холл бұған карибтерді мысалға ала отырып өз тәсілін ұсынады.

Қара нәсілді карибтердің сәйкестігі мәселесін екі бағыт бойынша қарастырып көрелік: ұқсастық пен үздіксіздік векторы және айырма мен қирау векторы. Карибтердің сәйкестігі осы бағыттардың әрекет етуі арқылы қарастырылуы керек. Біріншісі – өткенмен тығыз байланысты білдіреді. Екіншісі болса, сабақтастықтың бұзылуын білдіреді: құлдық, транспортация, колонизация, миграция. Қазіргі әлем тарихында Африканы күштеп бөлу туралы сәттер сипатталған. Бұл – еуропалық санада қалыптасып кеткен Африканы «Қара континент» деп тану құбылысы. Айта кететін маңызды жайт – құлдар әртүрлі елдерден, тайпалық одақтардан, мәдениеттер мен діни сенімдерден тұрады. Құлдықты тамырландыру және экономикаға плантацияларды ендіру кезеңінде осы халықтар олардың айырмашылықтарына қарамастан, «біріктірілді».

Демек, бүгінде халықтардың бірбүтіндігімен бірге олардың арасында айырмашылықтар бар екенін байқауға болады. «Кариб аралдарына біршама уақыттан кейін қайта оралу, – деп жазады С. Холл, – айырмашылықтар мен ұқсастықтардың «екі жақтылығынан» есеңгіреп қалғанмен тең». Ең алғаш рет француздық Кариб алабына барғанда, ол Мартиника мен Ямайка арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін байқаған. Бұл айырмашылық топографиясы немесе климатында ғана байқалмайды. Бұл тарих пен мәдениетіндегі айырма еді. Оның есесіне, айырмашылықтардың белгілі бір мәні де болды. Ол Мартиника мен Ямаиканы бірбүтін әрі бір-бірінен айырмасы бар әртүрлілік деп сипаттады. Арасындағы айырмашылық айқындалатын өлшемдердің аясы да үздіксіз өзгеріп отыратыны тағы бар. С. Холл былай жазады: «Дамып кеткен Батыспен салыстырғанда, біз олармен «біркелкі» екенбіз, яғни біз әлсіз дамыған, езілген халықтарға жатады екенбіз. Біз метрополияның аймағынан тыс жерлерде,



Эль Нортаның «оңтүстігінде» орналасыппыз... Осы айырмашылықтар ұнасын, ұнамасын, біздің мәдени сәйкестігімізге әбден сіңісіп кеткен. Сәйкестікті жою, бізді, карибтерді және басқа да аралдықтарды өзара жақындастырады (ямайкалықтар, гаитиліктер, кубалықтар, гваделуптар, барбадостар т.б.), бірақ латынамерикан халықтарымен салыстырғанда, керісінше, бір-бірінен ажыратып тұрады.

Сәйкестік ішінен айырмашылықты қалай анықтауға болады? – деп сұрайды С. Холл. Карибтер мен аралдықтарды, айырмашылықтарына қарамастан, біріктіруде олардың ортақ тарихының барлығы, яғни құлдық пен колонизацияның ықпалы болған. Алайда бұл олардың шығу төркіні бір деген сөз емес қой. Айырма ұғымына ерекше назар аудару керек. Эссе авторы «ойын» сөзін метафораның екіжақты мағынасына назар аударту үшін әдейі қолданған. Бір жағынан, бұл үздіксіз тұрақсыздықты білдіреді. Сонда мәдени ойынды «өткен шақ/осы шақ», «олар/біз» секілді қарапайым бинарлы оппозиция ретінде кинематографиялық жағынан сипаттауға болмайды. Шегара әртүрлі жақтан, әртүрлі уақыттан және әртүрлі қатысы жағынан қайталанып белгіленіп отырады.

«Айырмашылық» концепті карибтердің мәдени сәйкестігін үш «қауымдастық» тұрғысынан (Эме Сезер мен Леопольд Сенгор метафоралық сипатта айтқанындай) өзгерту мен бейімдеуді қайта түйсінуге мүмкіндік береді: африкандық қатысу, еуропалық қатысу және үшіншісі – америкалық қатысу. С. Холл карибтік сәйкестікті (үнділік, қытайлық, ливандық т.б.) құрайтын басқа мәдени қауымдастықтарды бұзғанын жазады. Ол Американы – карибтердің солтүстіктегі алып туысын «бірінші әлем» ретінде алып қарамайды: Америка – жаңа әлем, Терра Инкогнита ретінде қарайды.

С. Холлдың пікірінше, афро-карибтік сәйкестік ямайкалықтардың тарихында мықтап орнықты. 1970 жылдары ямайкалықтар өздерінің «қара түсті», былайша айтқанда, «құлдықтың ұрпағы» екенін түсінеді. Алайда бұл «жаңалық» тікелей айтылмады. Бұл бірақ Ямаиканың постколониалды революциясында, азаматтық құқық үшін күресінде, растафариан мәдениетінде, регги атты музыкалық жанрларында (метафоралар, тілдік фигуралар мен белгілер) көрініс беріп отырды. Бұл Жаңа әлемдегі жаңа Африканы қалыптастырды. Жаңа Африка рухани, мәдени және саяси метафора ретінде таныла бастады.

Африканың қатысуы/қатыспауы

Африканың қатысуы/қатыспауы – жаңа карибтік сәйкестік тұжырымдамасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Кариб аралының бүкіл тұрғындары, этникалық шыққан тегіне қарамастан, Африканың қатысуын мойындауы керек болды. Африкандық тектің қатысуын терінің түсіне қарамастан, олардың есімдерінен, сыртқы бейнесінен т.б. көруге болады.

Шынайы Африка бүгінде жоқ, ол көптеген өзгерістерге түскен. Бірақ тарих өзгеріссіз қалды. С. Холл Батыстық қастандыққа қатыспауымыз керек деген ой тастайды. Карибтер үшін Африка, Эдвард Саидтың сөзімен айтқанда, «қиялдағы география мен тарих» деп атаған, «өзіндік сананы, ойлауды жоюға қабілетті» ел. Африканың қатысуын Бенедикт Андерсон «қиялдағы қауымдастық» деп атаған. С. Холл мұндай Африкаға – туған жеріне оралғысы келмейді. Ол Африканы «жаңа әлемде», жаңашыл өзгерістермен көргісі келеді.

Еуропалық қатысу

Одан ары С. Холл сәйкестіктің еуропалық қатысуына біршама қорқынышпен қарай бастайды. Егер Африка – толық айтылмағанның үлгісі болса, Еуропа, керісінше, өзін толық әрі жан-жақты сипаттап үлгерген. Еуропаның билігі, күші олардың кариб мәдениетіне билік жүргізуіне мүмкіндік береді.

Еуропалық қатысу – жекеменшік құқығынан айыру, тепе-теңсіздіктің белгісі. С. Холл мұндай бізге беймәлім әрі бейтаныс «құндылықты» жыланның қабығын шешіп тастағаны секілді, лақтырып тастау керек деп есептейді. Өзінің «Қара тері, ақ бетперделер» атты жұмысында



Франц Фанон еуропалық ықпал – біздің сәйкестігіміздің негізгі элементі болып табылатынын ескертеді.

С. Холл еуропалық қатысу мен өзгешелікті сезіну, қорлық, зомбылық және агрессиядан ғана емес, алға қарай ұмтылудағы белгісіздіктен де көрінетінін жазады. Еуропалық қоғамды қабылдау немесе қабылдамау, билік және оған қарсылық білдіру туралы мәселелер Африка туралы күрделі «әңгімелердің» туындауына түрткі болды. Мәдениет – бастапқы, өзгермеген қалпынан алыстап, басқа элементтермен байланысқа түсті.

Стюарт Холл: «Диалогты террорсыз және зомбылықсыз қалай жүргізуге болады?» «Еуропаның біздің сәйкестігімізге тигізген әсерін мойындай аламыз ба?» деген сауалдарды алға тартады. Ал осы сұрақтардың жауабы өкінішке қарай әлі күнге дейін жабулы қазан күйінде тұр. Олай болса, қазірдің өзінде әлі де болса, күрделі мәдени стратегиялар жүргізудің маңызы артып отыр.

Американың қатысуы

Үшінші қатысу – бұл «Жаңа әлемнің», яғни Америка құрама штаттарының қатысуы. Бұл дегеніміз – билік қана емес, жер, орын және мекеннің осы үдеріске араласуы. Америка – көптеген мәдени құндылықтардың түйіскен орны, бүкіл жер бетіндегі бейтаныс мәдениеттердің тоғысу ордасы. Бүгінде Америка аралындағы адамдар, қара нәсілділер, мулаттар, ақ нәсілділер, африкалықтар, еуропалықтар, американдықтар, испандықтар, француздар, үндістер, қытайлар, португалдар, еврейлер, голландықтардың ешбірі кезіндегі бос жатқан Америкаға иелік етпеген. Америка – араласу, ассимиляция мен синкретизмнің территориясы. Жаңа әлем – Батыс пен Африканың кездесу алаңы. Сондай-ақ Америка – Колумбқа дейінгі тұрғындардың алғашқы кездесу орны: аравактар, карибтер мен үндістер өздерінің туған ортасын тастап кетуге мәжбүр болды. Кариб адамдарының пешенесіне үнемі «миграциялану» жазылды деген сөз. Бұл тұрғыдан алғанда миграция – Жаңа Әлемнің постмодерндік көшіп-қонуының бірден-бір прототипі.

Американың түбегейлі қатысуына ешкім назар аудармай келеді. Питр Хюльме өзінің «Таңғажайыптар аралы» эссесінде «Ямайка – аравактардың «жерлері мен теңіздерінің» латынамерикандық атауы», кейіннен оны Колумб Сантьяго деп атағанын» жазады. Аравактардың бұл жерде болғанын тек мұражайлар мен археологиялық қазбалар ғана дәлелдейді. Былайша айтқанда, аравактар – өткен тарихтың зорға еске түсетін естелігі. Премьер-министр Эдвард Сига ямайкалық елтаңбаны өзгертіп, Араваканың екі фигурасын – ортасына қалқан мен аллигаторды бейнелеуді ұсынады. Сонда премьер-министр Сига мәжіліске «Елден қуылған және жойылып кеткен аравактар ямайкалықтардың батыл мінез-құлқын сипаттай ала ма? Сонда сүйкімсіз, қатыгез рептилий ямайкалықтардың қызуқанды және батыл рухының символы болып тұрмақ па?» деген қисынды сауал қояды. Әлбетте, бұл сауалдың жауабы көп нәрсені түбегейлі өзгертіп жіберуге қауқарсыз еді.

«Жаңа әлемнің» – Америка, Терра Инкогнитаның қатысуы – диаспораның, әртүрліліктің, будандасудың, айырмашылықтардың бастауы. Осы диаспораға афро-карибтер де кіреді. С.Холл «диаспора» терминін тура мағынасында емес, метафоралық сипатта қолданған.

Халықтардың ұлы көші олардың айырмашылықтарын мойындау арқылы айқындалады. Диаспоралардың сәйкестігі – үздіксіз өзгеріп отыратын, трансформация мен айырмашылықтар арқылы көрініп отыратын құбылыс. Кариб халқы – нәсілдер, пигментациялар, физиогномикалық типтердің, талғам мен мәдени қажеттіліктердің қоспасы. Ұлыбританияның жас, қара нәсілді мәдени тәжірибешілер мен сыншылары өздерінің жұмысында «диаспора эстетикасы» түсінігін қарастырып келеді.

Метафоралардың көмегімен С. Холл өткенге деген қатынасын, мәдени сәйкестік туралы тұжырымдамасын басқаша тәсілмен қарастырып, қайта түсіндіруге талпынады. Ол теориялық тұрғыдан сәйкестікті сыртқы құбылыс деп емес, ішкі құбылыс деп қарастыруға тырысады.

Стюарт Холл халықтың өткеніне тереңдеп, колониализмге қарсы болатын элементтерді іздеумен шектелмеген дұрыс деп есептейді. Ұлттық мәдениет – фольклор емес, абстрактылы популизм. Бұл халықтың шынайы табиғатын ашуға септігін тигізеді. Ұлттық мәдениеттің –



халықтардың ойлау, бейнелеу, бағалау қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық мәдениет көмегімен халықтар өздерінің ерекшелігін сақтап, күні бүгінге өмір сүріп келеді.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Стюарт Холлдың ойынша карибтердің мәдени сәйкестігінің басты үш құрылымдық элементтері қандай?
2. Стюарт Холл мәдени сәйкестікті үдеріс деп тануы неліктен?

Әдебиеттер:

1. Hall Stuart. Cultural Identity and Diaspora. – Framework. – 1989. – № 36. – P. 222-237.
2. Hall Stuart. Resistance Through Rituals. – London, 1976.
3. Fanon Frantz. Black Skin, White Masks. – London 1986.
4. Norris Christopher. Deconstruction: Theory and Practice. – London, 1982.
5. Edward Said, Orientalism. – London, 1985.
6. Anderson Benedict. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Rise of Nationalism. – London, 1982.